

## Кедендік бақылау туралы

### *Күшін жойған*

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1448. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

Кедендік бақылау аймақтарын құрудың және белгілеудің тәртібі туралы н ұ с қ а у л ы қ ;

Өтініштерді берудің, қараудың және интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарларды тізілімге кіргізудің ережесі;

Кедендік нарядтар және кедендік нарядтардың автомобиль көлігімен кедендік шекара арқылы және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілетін тауарларды бақылауының тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә.Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Баспасөз қызметі (Б.Т.Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары Б . Т . Ж ұ м а б а е в қ а жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

#### *Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс Министрімен  
келісілді

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің

2001 жылғы 15 ақпандағы  
бекітілді

2001 жылғы 15 ақпандағы  
N 50 бұйрығымен

# **Кедендік жүктелім және кеден шекарасы арқылы және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен өткізілетін тауарлар үшін кедендік жүктелімді бақылау туралы ереже**

## **1. Бақылау мақсаттары**

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 214-бабына сәйкес тауарлар мен көлік құралдары кедендік режимге сәйкес оның басталған сәтінен және аяқталғанға дейін кеден бақылауында болады.

Әкелім кезінде кедендік бақылау кеден декларациясын қабылдаған сәттен басталады. Қазақстан Республикасының кеден аумағы шегінен әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кеден шекарасымен қиылысуы сәтінде аяқталады.

2. Кеден органдары кеден бақылауындағы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын мәжбүрлі тоқтатуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданатын, соның ішінде Қазақстан Республикасының кеден органдары орналасқан орындардан тысқары автомобильді басқа да көлік түрлерімен тауарларды қайта тиегеннен кейінгі көлік құралдары мен тауарларды кедендік бақылау мынадай тауарларды анықтау мақсатында жүргізіледі:

1) кедендік бақылаусыз Қазақстан Республикасына әкелінген не сәйкестендірілген құжаттар немесе құралдарды пайдаланып, алдау жолымен Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін;

2) кеден органына белгіленген мерзімде нысанасы берілмеген;

3) Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден қызметінің бірлескен нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ережені бұза отырып, Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде ресімделген;

4) мұндай маркасыз не үлгісі белгіленбеген маркамен тасымалданатын таңбалауға жататын акциз маркаларымен акцизделетін;

5) кеден құқық бұзушылықтарының тікелей объектілері болып табылатын өзге де тауарлар.

## **2. Бақылау жүргізу уақыты және орны**

4. Осы Ережеге сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау шекаралық кеден посттары мен өткізу бекеттерін (аралайтын және ауыл жолдарына тірелетін) шетелге орналастыруда кеден шекарасының тікелей өнбойына Қазақстан Республикасының аумағында күндізгі және кешкі уақыттарда жүргізілуі мүмкін.

Кеден органының бастығы немесе оны ауыстыратын тұлға бекіткен бұйрық және жоспарға сәйкес шұғыл іздестіру іс-шараларын жүргізу кезіндегі, сондай-ақ

өзге де шұғыл кідіртетін іс-шаралар жүргізу кезіндегі ерекше жағдайларда, тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылау республиканың ішкі автожолдарында жүзеге асырылады.

5. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылауды кеден шекарасының тікелей өн бойында (аралайтын және ауыл жолдарына) кедендік жүктелім жүргізеді. Кедендік жүктелімді бақылау мен санын жүзеге асырудың нақты бағыттарын Қазақстан Республикасы кеден органдарының бастықтары айқындайды.

### **3. Кеден жүктелімдерінің құрамы, қамтамасыз етілуі, құқығы және міндеттері**

6. Кеден органының бастығы бекіткен кедендік жүктелім құрамына Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғасы, сондай-ақ бірлескен іс-шаралар және келісілген бұйрықтар жоспарының бар болуы кезінде, басқа да Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғалары кіреді.

7. Кедендік жүктелімге Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды тұлғаларының ішінен тағайындалған аға жүктелім басшылық етеді. Кеден жүктелімінің ағасы және барлық оның жеке құрамы осы Ережеде белгіленген өз міндеттерін мүлтіксіз орындауы қажет.

8. Қызметті атқарудың шарты мен тәртібін, сондай-ақ кедендік жүктелім қызметінің аймағын кеден органы бастығының бұйрығы айқындайды.

Көлік, жеке жүктелім құрамына нұсқамалық жүргізуді қоса алғанда, қарулы күшпен, байланыс құралдарымен және басқалай жарақтармен кедендік жүктелімді экипировкалауды кедендік бақылау және режим бөлімінің бастығы жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының кеден органы бастығының қолы қойылған Қазақстан Республикасы кеден органының елтаңбалық мөрімен расталған 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жазбаша ұйғарым кедендік жүктелімде кедендік бақылауды жүргізудің негізі болып табылады.

Кедендік жүктелімде бақылау жүргізу кезінде мыналар болуы қажет:

- 1) пломб салу құрылғысы;
- 2) медициналық қобдишасы;
- 3) айналаға жарық түсіретін құрал (дабыл тапаншасы);
- 4) жарықты қайтарғыш қызыл жезл немесе диск;
- 5) жолда жүру ережесінде көзделген "Кеден" уақытша белгілері;
- 6) тексеру жүргізуге арналған техникалық құралдар (арнайы айна, қуыс бұрғылар және басқалар);
- 7) көлік құралдарын мәжбүрлі тоқтатуға арналған техникалық құралдар;
- 8) іс жүргізу және анықталған кедендік құқық бұзушылықтарды тіркеу,

тауарлар мен көлік құралдарын алып қою, кезек күттірмейтін іс жүргізетін әрекеттерді (тексеру, жауап алу) жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттардың бланк ж и н а қ т а м а с ы .

#### 10. Аға кедендік жүктелім:

- 1) кеден жүктелімінің лауазымды тұлғаларының нұсқамалығын жүргізуге;
- 2) қызмет атқару кезінде лауазымды тұлғалардың іс-әрекетінің тәртібін а й қ ы н д а у ғ а ;
- 3) бақылау жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге;
- 4) жеке құрамды экипировкалауды және осы Ережеге сәйкес оның ж а р а қ т а н д ы р ы л у ы н т е к с е р у г е ;
- 5) кедендік бақылау кезінде жалпы басшылықты жүзеге асыруға міндетті.

#### 11. Кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғасы бақылау жүргізу уақытында:

- 1) жылжитын көлік құралдарына бақылау жүргізуге;
- 2) жөнелтпе құжаттарын, кеден құжаттарын, кеден мөрінің бедерін тексеруге;
- 3) көлік құралдарының жүк бөлімшесіне жүктелген кеден мөрі және пломбысының жағдайын, сондай-ақ тасымалданатын тауарларды сәйкестендірудің басқа да құралдарын тексеруге;
- 4) қару және арнайы құралдар қолдануға үнемі дайын болуға;
- 5) қызмет тәртібін және заңдылығын, сондай-ақ бақылау жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға;
- 6) кеден шекарасы арқылы тауарларды заңсыз өткізудің алдын алуға жұмылдыруды күшейтудің негізі қару, оқ-дәрі, наркотикалық құралдар, радиоактивті заттар, түсті металдар, кеден заңдарын бұзатын акцизделетін және басқа да тауарларды алып өтетін адамдарды анықтауға және ұстауға айрықша к ө ң і л б ө л у г е м і н д е т т і .

#### 12. Кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғасының:

- 1) тауар ілеспе құжаттарын тексеру, кедендік қамтамасыз ету құралдарының бары болуын және сақталуын тексеру мақсаттарында, сондай-ақ кеден заңдарын бұзғаны туралы ақпарат болған жағдайларда, көлік құралдарын тоқтауға;
- 2) тасымалдаушы Кеден ісі туралы заңның ережелерін сақтамайды деген топшылау негізі болған жағдайларда, тасымалданатын тауарларға ұқсастырма т е к с е р м е л е у жү р г і з у г е ;
- 3) Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзу туралы ақпарат болған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасының кеден ережелерін бұзу белгілерін тікелей қолға түсіруге, тауарлар мен көлік құралдарының бар-жоғын тексеруге, оларға қайталап кедендік тексермелеу жүргізуге, кедендік декларацияда көрсетілген мәліметтерді қайта тексеруге, сыртқы экономикалық және осы тауарлардан кейінгі операцияға

қатысты құжаттарды тексеруге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден заңдарын бұзуға қатысы бар тұлғаларды бөгеуге құқы бар.

#### **4. Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдармен өзара әрекеті**

13. Әрқилы міндеттерді орындау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарымен;  
2) шекара жанындағы кедендер мен олардың қызметі аймағының түйісуіне кеден шекарасының кеден жүктемелерінің күзетуі жөніндегі кеден басқармалары арасында;

3) кеден заңдарын бұзушыларды ұстау және тауарларды жеткізу ережелерін орындау үшін тиімді бақылауды жүзеге асыру мақсатында шекара жанындағы және ішкі кедендер мен кеден басқармалары арасында өзара әрекеттерді ұйымдастыру.

Өзара іс-әрекеттердің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы және шекара жанындағы аудандардағы жедел ахуал деректерімен алмасу;

2) кеден шекарасында және Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтарда кедендік бақылауды, рейдтік тексеруді және арнайы операцияларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларға өзара қатысу;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі (Жол полициясы департаменті) органдарының өкілдерімен бірлесіп кеден жүктелімдерін ұйымдастыру және қызметін атқару;

4) кеден органдарының жедел-қызмет іс-әрекетінің мақсаты, орыны және уақыты бойынша келісілгендер және кеден шекарасына жедел іс-шараларды жүргізу кезінде олардың жүктелімінен жіберілгендермен қамтамасыз ету;

5) күштер мен құралдарды ұтымды және тиімді пайдалану жетістігі болып есептелсін.

Шекаралық рейдтерге, арнайы іздеулер мен операцияларға қатысу үшін кеден күзетінің қызметі күш пен құралдар бөлу туралы өздігінше шешім қабылдауға рұқсат береді.

#### **5. Тауарлар мен көлік құралдарын бақылау тәртібі**

14. Кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғалары немесе сол мемлекеттік органдардағы басқа да уәкілеттілік лауазымды тұлғалары көлік құралдарын тоқтатқаннан кейін жөнелтпе құжаттары мен кеден құжаттарына тексеру жүргізеді. Тексеру барысында мыналар белгіленеді:

1) нормативтік құқықтық актілерде көзделген жөнелтпе құжаттар мен кеден құжаттарының нақты бар-жоғы;

2) кеден мөрлері және мөртабандарының ұзақтығы;

3) жеткізілетін белгіленген орынға дейін көлік құралдарының жолының бағытқа сәйкестігі (егер мұндай бағыт кеден органында жөнелтілген деп белгіленген болса);

4) жөнелтпе құжаттарда және кеден құжаттарында көрсетілген мәліметтердің тасымалданатын тауарлар атауымен сәйкестігі.

15. Құжаттарды тексергеннен кейін көлік құралдарына жүк тиеу бөлімшесі сырттай тексермелеу жүргізеді, оның барысында:

1) кеден мөрі және пломб, басқа да кедендік ұқсастыру құралдарының сақталуын;

2) көлік құралдарына жүк тиеу бөлімінің техникалық жағдайын тексереді.

16. Егер кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғаларынан (екі адамнан кем емес) құралған тексермелеу тобы жөнелтпе құжатында таңбалауға жататын акцизделетін тауарлар не алкогольдік емес сусындарды көрсетілген жағдайда, тасымалданатын тауарлардың ұқсастандыру тексермесін жүргізеді. Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларға тексерме жүргізу кезінде, тауарларда марканың бар-жоғы, сондай-ақ тауарға желімделген марка сериясының берілген құжаттарда көрсетілген мәліметтермен сәйкестігі тексеріледі.

Егер Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы туралы болжам негізі болғанда, ұқсастыру тексермесі басқа да тауарларға қатысты жүргізіледі.

Кеден ережелерін бұзу фактісі белгіленген жағдайда, тауарлар мен көлік құралдары осы Ереженің 16-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органына жіберіледі.

17. Кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғасы берілген құжаттар, кеден мөрлері және мөртабандары сенімділігіне күмәні болған жағдайда, кедендік жүктелім құжаттарды, мөрлер мен мөртабандарды қосымша тексеру үшін, сондай-ақ тексерме жүргізу қажеттігі жағдайында, кеденнің ілесіп жүруімен кеден органына тауар мен көлік құралдарының бағыты туралы шешім қабылдауы мүмкін.

18. Тексермелеу тексерме жүргізу және қауіпсіздік шараларын сақтау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

19. Осы Ереженің 16 және 17-тармақтарына сәйкес өткізілген тексермелеу қорытындысы кедендік тексермелеу актісінде тіркеледі. Аталған акт белгіленген нысандығы бланкіде екі данада жасалады. Кедендік тексермелеу актісіне көлік құралы жүргізушісінің (немесе осы тасымалға қатысы бар өзгелей тұлға) мүмкіндігі бойынша тексермелеу жүргізген кедендік жүктелімнің лауазымды тұлғалары және тексермелеу кезінде болған басқа да тұлғалар қол қояды. Жүргізушінің (немесе осы тасымалға қатысы бар өзгелей тұлға) кедендік тексермелеу актісіне қол қоюдан бас тартуы кезінде, оған тиісті жазба тіркеледі.

Кедендік тексермелеу актісінің бірінші данасы жүргізушіге немесе

тасымалдауға жауапты өзгелей тұлғаға беріледі. Кедендік тексермелеудің екінші данасы аға жүктелімде қалады.

Көлік құралдарының жүк тиейтін бөлімшесіне (жүктердің орнына) тексерме жүргізілгеннен кейін кедендік ұқсастырудың жаңа құралы реттеледі. Бұл ретте, жөнелтпе, тауарларға ілеспе және кедендік құжаттарда жаңадан қолданылған ұқсастыру құралдары және кедендік тексеру актісінің нөмірі туралы мәлімет көрсетіледі.

20. Қосымша тексеру мерзімі кеден органына тауарлар мен көлік құралдары жеткізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспауы қажет. Тексеру уақытында тауар және көлік құралдары кедендік бақылау аймағында немесе уақытша сақтау қоймасы иесінің келісімімен тексеру жүргізу уақытында уақытша сақтаумен байланысты шығыстар әкелмейтін жағдайлар кезінде осы қойманың аумағында болуы қажет. Қосымша тексеру жүргізуші кеден органдарының сұраулар салуына, басқа да кеден органдарының адресіне жауаптарды жедел ақпарат беруші құралдарды пайдалана отырып, кешіктірмей жібереді.

21. Кеден органдарының лауазымды адамдары қосымша мәліметтер алу мақсатында, Кеден ісі туралы заңның 306-бабына сәйкес кеден ережелерінің бұзылуы туралы іс жүргізілгенге дейін көлік құралының жүргізушісінен немесе осы тасымалдауға қатысы бар өзге де тұлғалардан тексеруге қажетті құжаттар, мәліметтер және түсініктемелер алуға құқылы.

22. Осы Ережеге сәйкес бақылауды жүзеге асыру барысында тікелей ұстау кезінде немесе кеден ережелерін бұзуға дайындық, бұзу немесе бұзылуы белгілерін келесі тексеру немесе мұндай белгілерді көрсететін жеткілікті деректер кездесетін материалдар алу кезінде Кеден ісі туралы заңның 305-бабына сәйкес дереу кеден ережелерінің бұзылуы туралы хаттама ресімделеді.

Контрабанда немесе Қазақстан Республикасы кеден органдарының құзыретіне енгізілген анықтау өндірісінің өзге де қылмыстарының белгілері болған кезде, кеден органы қылмыстық іс қозғайды және Қазақстан Республикасының қылмыстық істерді жүргізу заңдарына сәйкес тергеу жүргізеді.

23. Егер ішкі транзиттік декларацияда жеткізілетін орны туралы мәлімет өтірік немесе қате көрсетілген жағдайда, кеден жүктелімінің лауазымды тұлғасы ішкі транзиттік декларацияға жеткізілетін орнының тізіліміне сәйкес түзету енгізеді.

Кедендік жүктелімнің жеткізілетін орнының тізілімін пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда, кеден органының шұғыл байланысы бойынша нақты жеткізілетін орны туралы мәліметтер берілуі қажет.

24. Бақылау жүргізілгеннен кейін көлік құралдары қозғалысын жалғастыру туралы шешім қабылданған жағдайда, кеден жүктелімінің лауазымды тұлғасы

жөнелтпе құжаты мен кеден құжатына бақылауды жүзеге асырушы кеден жүктелімінің аға және кеден жүктелімі лауазымды тұлғасының қолдарымен және жеке нөмірлі мөрімен расталған мынадай жазба тіркейді: "(кеден органының атауы) кеден жүктеліміне кедендік бақылау жүргізілді".

## **6. Бақылау жүргізу кезіндегі есеп**

25. Осы Ережеге сәйкес бақылау жүргізу кезінде кедендік жүктелім тауарлар мен көлік құралдарын бақылау журналын жүргізеді. Аталған журнал мынадай мәліметтерді жинақтайды:

- 1) бақылау жүргізу күні;
- 2) бақылау жүргізілетін орны;
- 3) көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу белгісі;
- 4) тасымалдаушының атауы, адресі;
- 5) тауарды қабылдап алушының атауы, адресі;
- 6) жүк құжаты (кедендік) бойынша тасымалданатын тауарлардың атауы;
- 7) тексерме қорытындысы (бақылау жүргізу орындарындағы тексеру жүргізу кезінде) бойынша тауардың атауы;
- 8) бақылау қорытындысы (тауарларды және көлік құралдарын кідірту жөнінде шешім қабылдау кезіндегі көлік құралдары жіберілген кеден органының атауын көрсету).

26. Кедендік жүктелім, кеден және кеден басқармасын бақылау қорытындысы бойынша 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жиынтық жасалады.

Кедендік жүктелім және кеден шекарасы арқылы және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль көлігімен өткізілетін тауарлар үшін кедендік жүктелімді бақылау туралы ережеге 1-қосымша

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС МИНИСТРЛІГІНІҢ КЕДЕН КОМИТЕТІ**

кедендік органның атауы

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_

### **ҰЙҒАРЫМ**

Төмендегідей құрамдағы КО және Р\* (кедендік күзет \_\_\_\_\_) басқармасының (бөлім) кедендік құрамына берілді:

(Аты-жөні, лауазымы, атағы)



---

---

іс-қимыл жүргізу аймағында тауарларға және көлік құралдарына  
кедендік бақылау жасауға

---

(кедендік органның атауы және бақылау жасаудың орны)

---

---

---

1999 жылғы 16 шілдедегі N 426-1 ҚРЗ "Қазақстан  
Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының  
Заңына және \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

(кедендік органның атауы)

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ "Қаруды бекіту туралы" Бұйрыққа  
сәйкес арнайы құралдарды қолдануға, атыс қаруын ұстауға, сақтауға  
және пайдалануға рұқсат берілді.

---

(қарудың маркасы және нөмірі, арнайы құралдардың түрлері)

Күш мерзімі: 200\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап

200\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін.

Н е г і з д е м е :

---

(Кедендік құрам туралы ҚР МКМ КК бұйрығының нөмірі және күні)

*Кедендік орган бастығының қолы*

*Кедендік органның мөрі*

Кедендік жүктелім және кеден шекарасы  
арқылы және Қазақстан Республикасының  
аумағы бойынша автомобиль көлігімен  
өткізілетін тауарлар үшін кедендік  
жүктелімді бақылау туралы ережеге

2 қосымша

**Кедендік құрамдардың жұмысы туралы**

**МӘЛІМЕТТЕР**

---

(кедендік органның атауы)

---

(қай уақыттан)

Өткізілген рейд іс- шаралары. ның саны	Тексерілген көлік құралдары. ның саны	Ұсталған көлік құралдары. ның саны	Ұстау материалдары Қозғалған КЕБ іс. терінің саны	бойынша Кедендік төлемдер өндіріп алынды
1	2	3	4	5

таблицаның жалғасы

Ұстау материалдары бойынша

Тәркіленген тауарлардың сомасы Айыппұл өндіріп алынды

6

7

*Кедендік орган бастығының қолы*

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс Министрімен  
келісілді

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің бұйрығымен  
бекітілді

2001 жылғы 15 ақпандағы  
N 50

2001 жылғы 15 ақпандағы

**Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу тәртібі туралы нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Кедендік бақылау аймағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 204-бабына сәйкес кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсаты үшін ғана құрылады. Өзге де мақсаттарда кедендік бақылау аймағын құру және пайдалануға жол берілмейді.

2. Кедендік ресімдеу орны, соның ішінде уақытша сақтау, кеден қоймалары, еркін қоймалар, еркін кеден аймағы және Кеден ісі туралы заңға сәйкес Қазақстан Республикасында кеден органдары орналасқан басқа да орындар

кедендік бақылау аймағы болып табылады.

3. Кедендік бақылау аймағының шегі шартты сызықпен шектеледі.

## **2. Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу**

4. Кедендік бақылау аймағы Қазақстан Республикасының кеден органдары белгілеген орындарда құрылады. Кедендік бақылау аймағына елді мекендер, ережедегідей, қосылмайды. Кедендік бақылау аймағы кедендік ресімдеу, Қазақстан Республикасының кеден органдары орналасқан орындарында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті айқындаған өзге де орындарда құрылады.

5. Кедендік бақылау аймағының орны деп танылу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) уақытша сақтау орны деп тану туралы шешім және уақытша сақтау қоймасы, еркін қойма, кеден қоймасының мекемесіне лицензия;

2) кеден органының орналасқан жері туралы тіркеу құжаттары;

3) кедендік ресімдеу орынын, соның ішінде Кеден ісі туралы заңның 154-бабына сәйкес әуежайларда, порттарда, темір жол стансаларында бекіту туралы Қазақстан Республикасы кеден органының шешімі;

4) халықаралық өткізу бекетін құру (ашу) туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі.

6. Кедендік бақылау аймағын құру туралы шешім Қазақстан Республикасы кеден органының бұйрығы нысанында ресімделеді.

7. Кедендік бақылау аймағы мынадай талаптарды сақтаумен айырым белгісімен көрсетіледі:

1) авто желілерде - жалпы техникалық шарттарға сәйкес ақпараттық-көрсеткіш белгілер;

2) МЕМСТ 10807-78 жол белгілерін ресімдеу;

3) осы Нұсқаулықта көрсетілген өзге де жерлерде мынадай көлемдегі белгілермен: биіктігі - 50 см, ұзындығы - 100 см. Көк тор көзде үш жолға үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ақ әріпті белгімен "Кедендік бақылау аймағы" деген жазу жазылған. Әріптің көлемі - 10 см биіктікте, 3,7 см - ұзындықта болуы қажет;

4) судағы кедендік бақылау аймағы "Кедендік бақылау аймағы" деген жазу түс ажырататын бояумен орындалған, қызыл түсті әріппен белгіленуі мүмкін.

## **3. Кедендік бақылау аймағына кіру режимі**

8. Кедендік бақылау аймағына кіру Кеден комитетінің тиісті кедендік бақылау аймағын құру туралы шешіммен айқындалған орындарда жүзеге асырылады. Мұндай орындар бақылау-өткізу бекеті (бұдан әрі - БӨБ) болып табылуы мүмкін. БӨБ айырым белгілерімен көрсетілген.

9. Кедендік бақылау аймағына тұлғаларды кіргізу және көшіру Қазақстан

Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғалардың кіру жағдайларын есептемегенде, Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатымен және оның бақылауымен жүзеге асырылады. Аталған жағдайларда кедендік бақылау аймағына кіру Қазақстан Республикасының кеден органының алдын ала хабарлауымен рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің әскери қызметшісін өткізу мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекетінде кіру режимінің келісілген технологиялық сызбасы бойынша жүзеге асырылады.

10. Кедендік бақылау аймағының шегінде тауарларды және көлік құралдарын көшіру, сондай-ақ өндірістік және өзгелей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кеден режимінің шарттарымен айқындалған тауарлармен операцияларды жасау көзделген жағдайларды есептемегенде, Қазақстан Республикасының кеден органының рұқсатымен жіберіледі.

11. Кедендік бақылау аймағының шегінде, сондай-ақ кедендік бақылау аймағында болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің, онда тұрақты өмір сүретін жеке тұлғалардың мемлекеттік шекарамен сәйкес келмейтін, оның шекарасы арқылы (Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы көшіру жағдайларын есептемегенде) тауарлар және көлік құралдарын көшіру жеке басты куәландыратын құжат бойынша және көлік құралдарына арнайы рұқсатнама бойынша жүргізіледі. Арнайы рұқсатнама шекаралық, мал-дәрігерлік, фитосанитарлық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдармен келісім бойынша Қазақстан республикасының кеден органдары береді.

12. Егер олардың жасағаны кедендік бақылау аймағының жұмысын белгілеу мен режиміне сәйкес келмесе, тауарларды және көлік құралдарын көшіруге, өндірістік және өзге де коммерциялық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

### **Қорытынды ережелер**

13. Кедендік бақылау аймағының режимін бұзғаны үшін Кеден ісі туралы заңның 260-бабына сәйкес жауапқа тарту көзделген.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс Министрімен	Мемлекеттік кіріс министрлігі
келісілді	Кеден комитетінің
2001 жылғы 15 ақпандағы	2001 жылғы 15 ақпандағы
	№ 50 бұйрығымен

бекітілді

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі  
Авторлық құқық жөніндегі

2001 жылғы 7 ақпандағы

**Өтінішті беру, қарау және санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізбесіне енгізудің ережесі**

1. Өтінішті беру, қарау және санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізбесіне енгізудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 218-2-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) өтінішті беру, қарау және санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізбесіне енгізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санаткерлік меншік объектілері азаматтық айналыс, тауарлар, жұмыстар немесе қызмет көрсетулерге қатысушылардың санаткерлік шығармашылық қызметінің қорытындысы және даралау құралы болып танылады.

3. Тауарларды санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізбесіне енгізу санаткерлік меншік объектісіне болмаса оның өкіліне құқық иесінің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

4. Кеден комитеті санаткерлік меншік объектілері бар тауарлардың тізбесін жүргізеді.

Кеден комитеті тоқсанына бір реттен артық емес өздеріне айқын баспа басылымдарында тізбені жариялауды жүргізеді, сондай-ақ электронды бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты таратуды қамтамасыз етеді.

5. Тауарлардың тізбесіне енгізу туралы өтініш екі данада осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оның бірі Кеден комитетінде қалады, екіншісі - тіркеуден кейін өтініш берушіге қайтарылады.

**Ө т і н і ш к е :**

санаткерлік меншіктің объектілеріне өтініш берушінің құқығын растайтын құжаттар немесе өзге де дәлелдер;

егер санаткерлік меншік объектінің материалдық тіршілігі, өзгелей жағдайда санаткерлік меншік объектілері бар тауарлары бар болса, санаткерлік меншік объектінің жан-жақты сипаттамасы, екі фотосуреті, суреті немесе сызбасы;

заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмелері;

жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;

өтініште көрсетілген есеп айырысу шотының бар болуы туралы банктің

р а с т а у ы                              т і р к е л у і                              қ а ж е т .

6. Кеден комитетіне келіп түскен тізбеге тауарларды енгізу туралы өтініш, өтініш келіп түскен күннің келесі жұмыс күнінен қалдырылмай тізбеге тауарларды енгізу туралы өтініштерді тіркеу журналына тіркелуі тиіс және Кеден комитеті ол тіркелген күннен бастап 10 күн ішінде қарайды. Кеден ісі туралы заңның 218-2-бабына сәйкес тауарлар мынадай жағдайларда:

- 1) санаткерлік меншік объектілеріне құқық иегерінің өтініші бойынша;
- 2) тізбеге санаткерлік меншік объектілері бар тауарларды енгізу кезінде сенімсіз мәліметтер беруді қолға түсіру кезінде;

3) өтініште көрсетілген мәліметтердің өзгеруі туралы белгіленген мерзімде х а б а р л а м а у                              к е з і н д е ;

4) санаткерлік меншіктің объектілеріне құқық күшін тоқтатқан кезде тізбеден ш ы ғ а р ы л у ы                              м ү м к і н .

7. Кеден комитеті тізбеден тауарларды алып тастау туралы құқық иегерін тез а р а д а                              х а б а р д а р                              е т е д і .

8. Құқық иегері өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген кезінде, көрсетілген өзгерістер күнінен бастап үш күннен кешікпейтін мерзімде Кеден комитетіне х а б а р л а у ғ а                              м і н д е т т і .

9. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көзделген.

Қ а з а қ с т а н                              Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң  
М е м л е к е т т і к                              к і р і с                              м и н и с т р л і г і  
К е д е н                              к о м и т е т і н і ң                              б ұ й р ы ғ ы н а

қ о с ы м ш а

2 0 0 1                              ж ы л ғ ы                              1 5                              а қ п а н д а ғ ы

№ 50

**Қазақстан Республикасының МҚМ Кеден комитетіне**

---

(заңды тұлғаның, филиалдың,

---

өкілдіктің толық атауы)

### **Өтініш**

Интеллектуалдық меншіктің объектілерінің тізбесіне енгізуіңізді ө т і н е м і н .

Ұ й ы м                              т у р а л ы                              м ә л і м е т :

1. Меншік нысаны \_\_\_\_\_

2. Құрылған жылы \_\_\_\_\_

3. Тіркеу туралы куәлік \_\_\_\_\_

(N, кім және кімге берілді)

4. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

(индексі, қала, аудан, облыс, көше, үйдің N, телефоны, факс)

5. Есеп айырысу шоты \_\_\_\_\_

(банктің есеп N, атауы және орналасқан орыны)

6. Қоса берілген құжаттар:

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Мөр орны

2000 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

2000 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қарауға алынған өтініш

(жауапты тұлғаның қолы, аты-жөні)

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің бұйрығына  
қ о с ы м ш а  
2 0 0 1 жылғы 15 ақпандағы  
N 50

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының  
тізбесі**

1. "Кедендік мақсаттарда қаржылай және сыртқы экономикалық қызметке тексеру жүргізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 127-Б бұйрығы .

2. "Кедендік жүктелім құру және кеден шекарасы арқылы және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілетін тауарлар үшін кедендік бақылауды күшейту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 17-Б бұйрығы .

3. "Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 531-Б бұйрығы .

4. "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өту бекетіндегі мемлекеттік кедендік бақылау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 77-Б бұйрығы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК